

«БЕКІТЕМІН»

Түркістан облысының адами
әлеуетті дамыту басқармасының
«Түркістан облысының әдістемелік
орталығы» КММ директоры
Б.Н.Төлімбет
2021 ж.



**Республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «KitapXAH@» облыстық
онлайн кітап оқу жарысын ұйымдастыру және өткізу туралы**

ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже облыстық «KitapXAH@» кітап оқу жарыс жобасын (бұдан әрі – «Облыстық кітап оқу жарысы») өткізу және оған қатысу тәртібі мен шарттарын айқындайды.
- 1.2. Облыстық кітап оқу жарысын өткізу білім беру жүйесіндегі оқу сауаттылығының артуына, озық ойлы ұрпақ дамуына, жалпы педагогтердің кітап оқуына ықпал етеді.
- 1.3. Облыстық кітап оқу жарысы «Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында өтеді.
- 1.4. Облыстық кітап оқу жарысын Түркістан облысының әдістемелік орталығы өткізеді.
- 1.5. Облыстық кітап оқу жарыс жобасы мектепке дейінгі білім беру, жалпы орта білім беру мен техникалық кәсіптік білім беру педагогтері, мектеп кітапханашылары, оқушылар және ата-аналарға арналады. Жас айырмашылығына шектеу жоқ.
- 1.6. Облыстық кітап оқу жарысында БҒМ бекіткен әдебиеттер тізіміндегі кітаптармен қатар әр қатысушы өзі оқыған кітабын да ұсына алады.
- 1.7. Облыстық кітап оқу жарысы апталық, айлық, жылдық кезеңдермен өткізіледі.
- 1.8. Облыстық кітап оқу жарысты өткізу үшін өзі оқыған кітабын дәріптейтін бес қатысушыдан кем болмауы тиіс.
- 1.9. Облыстық кітап оқу жарысы тек онлайн режимде өткізіледі.
- 1.10. Облыстық кітап оқу жарысы 2021 қазан – 2022 мамыр, 2021-2022 академиялық оқу жылының соңына дейін (сегіз ай) жалғасады.
- 1.11. Облыстық кітап оқу жарысына дайындық, оны өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін облыстық әдістемелік орталық директоры бұйрығы негізінде ұйымдастыру комитеті құрылады. Облыстық ұйымдастыру комитетінің құрамына әдістемелік орталық директоры, кітапхана ісі әдіскері, «Ақпараттық технологиялар» кафедрасының әдіскерлері, баспасөз хатшысы және мониторинг талдау маманы енеді.
- 1.12. Облыстық әдістемелік орталық директоры ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып табылады.
- 1.13. Облыстық кітап оқу жарысының әділ бағасы онлайн аудитория арқылы жүзеге асырылып, жеңімпаз анықталады.
- 1.14. Жобаның тиімділігі/нәтижелігі: Кітап оқу дәстүрін педагогтар арасында жалпы сипатқа айналдырып, кітап оқу – абыройлы дағдыға айналады; оқушы мен студенттерге үлгі болу; бос уақытты тиімді ұйымдастыру; кітап оқу арқылы – жазу, оқу, сөйлеу мәдениетін дамыту; қоғам арасында педагог мәртебесін және мұғалімнің жұмыс тиімділігі мен нәтижесін арттырады.

2. «KitapXAH@» кітап оқу жарысының мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

аудандық, қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімдеріне қарасты білім беру ұйымдарының кітапхана мамандары, жалпы педагогтер, оқушылар және ата-аналардың кітап оқу мәдениетін терең қалыптастыру, шығармашылық әлеуетін арттыру болып табылады.

Міндеттері:

- бүгінгі таңда өз заманының даму деңгейіндегі білімді, оқымысты тұлға қалыптастыру;
- тұрақты кітап оқу;
- оқу сауаттылықты арттыру;
- оқуға құштар болу.

3. «KitapXAH@» кітап оқу жарысы ұйымдастыру комитетінің міндеттері

Облыстық ұйымдастыру комитеті:

- кітап оқу жарысының барлық кезеңдерін өткізу тәртібін анықтайды;
- кітап оқу жарысын тікелей басқаруды жүзеге асырады;
- кітап оқу жарысының жоғары деңгейде өтуін қадағалайды;
- кітап оқу жарысының қорытындысына талдау жасайды, жинақтайды, әлеуметтік желге жариялайды.

4. «KitapXAH@» кітап оқу жарысы қатысушыларының міндеттері:

- облыстық кітап оқу жарысына қатысушылар белгіленген уақыттан кешікпеуі тиіс;
- облыстық кітап оқу жарысы кезінде әдеп нормалары мен регламент сақтауы қажет.

5. «KitapXAH@» кітап оқу жарысы қатысушыларының құқықтары мен міндеттері:

- «KitapXAH@» кітап оқу жарысы Ережесінің авторлық құқығы сақталған (Ереже автордың рұхсатынсыз таратылмайды)
- байқауға қатысушылар белгіленген уақыттан кешікпеуі тиіс;
- байқау кезінде әдеп нормалары мен регламентті сақтауы қажет.

II тарау. «KitapXAH@» кітап оқу жарысына қатысушылар және өткізу тәртібі.

1. «KitapXAH@» кітап оқу жарысы III кезеңде өткізіледі:

- I кезең – апталық кезең, әр аптаның жұма күні өткізіледі;
- II кезең – айлық кезең, төрт аптаның қорытындысы бойынша жеңімпаздардың қатысуымен өткізіледі.
- III кезең – жылдық кезең, айлық кітап оқу жарысының қорытындылары бойынша жеңімпаздардың қатысуымен өткізіледі.

P.S. «KitapXAH@» кітап оқу жарысының қатысушылары (оқырмандары) өздері оқыған кітаптарын:

- апталық сайыста 5 минут;
- айлық сайыста 6 минут;

- жылдық сайыста 8 минут уақыт ішінде қорғап шығуы қажет.

2. «KitapXAH@» кітап оқу жарысы жеңімпаздарын онлайн дауыс беру арқылы анықтау, жалпы өлшем шарттары.

- кітапты дұрыс таңдай білуі;
- оқылған кітаптың тәрбиелік мәні;
- сөз сөйлеу мәдениеті;
- шеберлігі мен шешендігі;
- оқиғаның маңыздылығы;
- кітаптың адам өміріндегі алар орны.

3. Облыстық кітап оқу жарысына қатысушылар онлайн тапсыру керек:

Қатысушының аты-жөні, ауданы, қаласы, мектеп атауы, жеке суреті, ұялы телефоны және оқыған кітабы.

4. Облыстық кітап оқу жарысының жеңімпаздарын марапаттау, қорытындылау.

Облыстық кітап оқу жарысының қорытындысы бойынша апталық, айлық жеңімпаздарға сертификаттар мен құнды кітаптар сыйға тартылады.

«KitapXAH@» кітап оқу жарысының шығарылымдары фейсбук парақшасында, Түркістан облысы әдістемелік орталығының сайтында жарияланып отырады.

Байланыс телефондары: **87029050565; 87713839317.**